



**№1 (42)
2016**

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.С. Тукиев
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сактағанов
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172) 74-02-06; факс: 8(7172) 74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

«ҚР ЗАҢНАМА ИНСТИТУТЫНЫҢ
ЖАРШЫСЫНА» - 10 ЖЫЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің коллегиясының отырысы туралы, Астана қ., 2016 жылғы 31 наурыз (ҚР Әділет министрлігінің баспасөз қызметі)	5
«Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы» ғылыми-құқықтық журналының 10 жылдығы	6
Конституциялық және әкімшілік құқық	8
А.С. СМАН Әділдік жолында: қазақ мемлекеттілігі және оның мұрасы (тарихи-құқықтық аспекті)	8
Н.М. ПРИМАШЕВ Конституцияның заңдық күші мен құқықтық сапа: өзара тәуелділік диалектикасы	15
Т.М. ТОҚПАЕВА Мемлекеттік органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент транспаренттік және есеп беретін мемлекеттің тиімді компоненті ретінде.....	21
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	27
В.Т. ҚОНЫС Alternative Dispute Resolution in the USA: analysis of main advantages and disadvantages (Америка Құрама Штаттарында дауларды балама жолмен шешу: негізгі артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау)	27
Р.Е. ЖАҚЫПОВ Қазақстан Республикасының еңбек құқығындағы кепілдік төлемнің мәселелері	32
Г.К. САҒИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Экологиялық және кәсіпкерлік заңнамасын жетілдіру аясындағы «экологиялық басқару» және «экологиялық менеджмент» ұғымдарының этимологиясы.....	37
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	40
З.К. АЮПОВА, Д.У. ҚҰСАЙЫНОВ Терроризм және экстремизмнің әлеуметтік-мәдени негіздері және оларды болғызбау туралы мәселесіне	40
Р.А. ОРСАЕВА Кәмелетке толмағандардың топтық қылмыстық құқық бұзушылықтарының ерекшеліктері.....	46
Ж.К. КОЖАНТАЕВА Адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасайтын алаяқтық, сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін иемденіп алу немесе жымқыру ерекшеліктері	53

<i>Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану</i>	56
М.А. СӨРСЕМБАЕВ ДСҰ мен ЭЫДҰ талаптарына сәйкес Қазақстанның АӨК өнімдерін экспортқа шығарудың және импорттаудың құқықтық мазмұны	56
А.О. БАЛҒЫНТАЕВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Қазақстан мен Белоруссияның қылмыстық процесінде ынтымақтастық туралы келісімдер: салыстырмалы талдау	67
Ж.И. ИБРАГИМОВ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының талаптарына сәйкес зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру	73
<i>Құқықтық мониторинг</i>	79
З.Ғ. ҚАЗИЕВ, А.Б. ЕСІМОВА Салалық құқықтық мониторингі: жалпы ұғымы, міндеті және жүргізу мүмкіндігі	79
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдірудің кейбір мәселелері	84
<i>Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен</i>	90
М.А. АЙЫМБЕТОВ Заңнама терминдерінің тұрақты тіркестік сипаты	90
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі тауар жиынтықтылығына қатысты заңнамалық және лингвистикалық мәселелер	95
<i>Шетелдік тәжірибе</i>	99
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Д.С. ҚАЖМҰРАТОВА Қылмыстық процеске қатысатын тұлғалардың құзыреттерін құқықтық регламенттеу (салыстырмалы талдау)	99
<i>Жас ғалым мінбері</i>	105
М.Е. ЖҰМАБАЕВА Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету саласында ЭЫДҰ жетекші елдерінің озық тәсілдеріне шолу	105
А.А. ЖАБАЕВА Төрелік келісім дауды шешудің негізі ретінде	109
А.С. НӘБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Құқықтық мониторингтің заң техникасы: проблемалар және шешу жолдары	113
Н.Р. ӘКІМОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы тараптарды татуластыру институтының қазіргі уақыттағы ахуалы	119
М.М. ТАСТАНОВА Маңызды халықаралық құжаттарда берілген бала құқықтары	125
Е.О. МҰХАМЕДЖАНОВ Жаңа Қазақстан Республикасының ҚПК бойынша жедел бөлімшелерінің іздестіру қызметінің құқықтық режимі	130
Н.Н. СҰЛТАНОВ Қазақстанның қылмыстық сот ісін жүргізудің жаңа моделіндегі қылмыстық қудағалаудың ерекшеліктері: қысқаша ретроспективалы шолу мен перспективалық көзқарас.....	134
А.Ж. БҰСЫРМАНОВ Төрелік дауларды шешудің балама құралы ретінде	140
Д. ҚАСЫМОВА Пленарлық отырыс Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқық түсіндіру қызметінің субъектісі ретінде	143
<i>Даналық ойлар: Н. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері.....</i>	148



**№1 (42)
2016**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А. С. Тукиев
И.Ш. Борчасвили

Редакционная коллегия:
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

«ВЕСТНИКУ ИНСТИТУТА
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РК» - 10 ЛЕТ

СОДЕРЖАНИЕ

О заседании коллегии Министерства юстиции Республики
Казахстан, г. Астана, 31 марта 2016 года (пресс-служба
Министерства юстиции РК) 5
10-летие научно-правового журнала «Вестник Института
законодательства Республики Казахстан» 6

Конституционное и административное право 8

А.С. СМАН На пути к справедливости: казахская госу-
дарственность и ее наследие (историко-правовой аспект) 8
Н.М. ПРИМАШЕВ Юридическая сила Конституции и
правовое качество: диалектика взаимозависимости 15
Т.М. ТОКПАЕВА Антикоррупционный менеджмент в
государственных органах, как эффективный компонент
транспарентного и подотчётного государства 21

Гражданское и гражданско-процессуальное право 27

В.Т. КОНУСОВА Alternative Dispute Resolution in the USA:
analysis of main advantages and disadvantages (Альтернативное
разрешение споров в США: анализ основных преимуществ
и недостатков)..... 27
Р.Е. ЖАКУПОВ Вопросы гарантийных выплат в трудовом
праве Республики Казахстан 32
Г.К. САГИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Этимология понятий
«экологическое управление» и «экологический менеджмент»
в контексте совершенствования экологического и пред-
принимательского законодательства 37

Уголовное право и уголовный процесс 40

З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о социо-
культурных основах терроризма и экстремизма и путях их
предотвращения 40
Р.А. ОРСАЕВА Особенности групповых уголовных
правонарушений среди несовершеннолетних 46
Ж.К. КОЖАНТАЕВА Особенности мошенничества,
присвоения или растраты вверенного чужого имущества,
совершаемых лицом с использованием своего служебного
положения 53

Международное право и сравнительное правоведение	56
М.А. САРСЕМБАЕВ Правовое содержание экспорта и импорта продукции АПК Казахстана на основе требований ВТО и ОЭСР	56
А.О. БАЛГЫНТАЕВ, А.К. КАНАТОВ Соглашения о сотрудничестве в уголовном процессе Казахстана и Белоруссии: сравнительный анализ	67
Ж.И. ИБРАГИМОВ Совершенствование законодательства в сфере интеллектуальной собственности в соответствии со стандартами Организации экономического сотрудничества и развития	73
Правовой мониторинг	79
З.Г. КАЗИЕВ, А.Б. ЕСИМОВА Отраслевой правовой мониторинг: общее понятие, задачи и возможности проведения	79
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА Некоторые вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан в сфере страхования предпринимательского риска	84
Из практики законодательства на государственном языке	90
М.А. АЙЫМБЕТОВ Фразеологические особенности законодательных терминов	90
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Законодательные и лингвистические проблемы, касающиеся комплектности товара в Гражданском кодексе Республики Казахстан	95
Зарубежный опыт	99
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Д.С. КАЖМУРАТОВА Правовая регламентация компетенций лиц, участвующих в уголовном процессе (сравнительный анализ)	99
Трибуна молодого ученого	105
М.Е. ЖУМАБАЕВА Обзор передовых подходов ведущих стран ОЭСР в сфере защиты и обеспечения прав интеллектуальной собственности	105
А.А. ЖАБАЕВА Арбитражное соглашение как основа урегулирования спора	109
А.С. НАБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Юридическая техника правового мониторинга: проблемы и пути решения	113
Н.Р. АКИМОВА Современное состояние института примирения сторон в уголовном праве Республики Казахстан	119
М.М. ТАСТАНОВА Права ребенка в значимых международных актах.....	125
Е.О. МУХАМЕДЖАНОВ Правовые режимы розыскной деятельности оперативных подразделений по новому УПК Республики Казахстан	130
Н.Н. СУЛТАНОВ Особенности уголовного преследования в новой модели уголовного судопроизводства Казахстана: краткий ретроспективный обзор и перспективный взгляд	134
А.Ж. БУСУРМАНОВ Арбитраж как альтернативный инструмент разрешения споров	140
Д. КАСЫМОВА Пленарное заседание как субъект праворазъяснительной деятельности Верховного Суда Республики Казахстан	143
Мудрые мысли: максимы и афоризмы Н. Шайкенова	148



*Тастанова Малика Мейрамбекқызы,
«ҚазГЗУ» университеті Халықаралық құқық кафедрасының
аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі*

МАҢЫЗДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДА БЕРІЛГЕН БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ

Бала құқықтарының пайда болуы XX ғасырдың басында басталған құбылыс. Алғашқы маңызды халықаралық құжат бала құқықтарының Декларациясы болып табылады. Бұл декларация 1924 жылы Ұлт лигасының бастамасымен қабылданған. Декларация ережелері бірінші кезекте балалардың экономикалық, әлеуметтік және психологиялық қажеттіліктерін қарастыра отырып, балалар мен олардың құқықтарын қорғау сипатымен ерекшеленеді [1].

1924 жылы Декларация қабылданған соң, халықаралық құралдардың дамуында ұзақ кідіріс орын алды. 1959 жылы ғана бала құқықтары туралы БҰҰ Декларациясы қабылданды. Кіріспе бөлімінде мазмұндалған он шақты ережеде қоғамның аса сезімтал мүшелері ретінде балаларға ерекше көңіл бөлуге бар күштің жұмылдырылғаны байқалады, сондай-ақ құрамына «адамзат өзінде бар барлық жақсы нәрселерін беруге міндетті» деген тұжырым туралы ереже де кіреді. Бұл халықаралық құқықтық құралдың қабылдануы халықаралық қоғамдастықтың осы құжатқа бара-бар, бірақ қатысушы мемлекеттер үшін міндетті болып табылатын әлде де кең ауқымды құжатты қабылдауға дайындығын растады. Аталмыш құжаттың – Бала құқықтары туралы конвенцияның қабылдануы үшін тағы 30 жыл қажет болды, құжат 1989 жылы қабылданды. Конвенция маңызды екі келісімшартпен толықтырылды: Бала құқықтары туралы конвенцияға қосымша бала саудасы, бала жезөкшелігі, бала порнографиясы туралы Факультативті хаттама және Бала құқықтары туралы конвенцияға қосымша балаларды қарулы қақтығыстарда пайдалану туралы Факультативті хаттама. Мұнымен қатар, бала құқықтары жартылай адам құқықтары туралы халықаралық құжаттарға енгізіле бастап, бүгінгі күні барлық конвенцияларға бала құқықтарын жанама немесе

тікелей қозғайтын ережелер енгізілген [2].

Бала құқықтары бойынша жеке дара келісімшартты қабылдау процесі бірқатар себептердің туындауынан ұзаққа созылды, атап айтсақ, саяси себептердің әсерінен және де сол уақыттағы қолданыстағы адам құқықтары туралы заңның ішіндегі бала құқықтарын қорғау туралы бөлімдері жетерліктей деген пікірдің болуы өз әсерін тигізді. Бұл дәлел халықаралық деңгейде қазіргі уақытта да кең етек жайған, сондықтан да көптеген мемлекеттерде балаларға қатысты жеке дара заңнаманың болмауын осы себептен деп түсіндіруге болады [3].

Қазіргі уақытта халықаралық заңнама балалар мен адам құқықтары туралы жалпыға ортақ құжаттар арқылы жұмыс атқарады, мысалы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, немесе тек қана бала мәселелеріне қатысты адам құқықтары туралы спецификалық құжаттар. Арнайы қабылданған конвенциялардың ішіндегі ең ауқымдысы Бала құқықтары туралы конвенция болып табылады [4].

Бала құқықтары үшін аймақтық келісімшарттардың да маңызы ерекше. Барлық келісімшарттардың, ортақ мақсаты бүкіл әлемге белгілі стандарттарды орнату. Аймақтық келісімшарттар әр түрлі мемлекеттердің оларды өзіндік спецификалық әдістерімен қолданылуымен сипатталатын болса да, жүзеге асырылуы барысында әлемдік стандарттарды ұстануын растайды. Бұған мысал ретінде Адам құқықтары туралы Еуропалық конвенция және Конвенция негізінде қабылданатын адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың шешімдерін келтіруге болады. Қарулы қақтығыстар кезінде балаларды арнайы қорғау – бұл халықаралық гуманитарлық заңнаманың бір бөлігі болып табылады және де осыған орай Қызыл Крестің Халықаралық

комитетінің бастамасы бойынша халықаралық конференцияда қажетті құжаттар қабылданған болатын. Мазмұнына бала құқықтары туралы ережелер енгізілген адам құқықтары жөніндегі халықаралық құралдар міндетті, не міндетті емес сипат танытады. Міндетті емес құралдар әдетте «жұмсақ» құқықтар деп те аталады, бұл термин- осы құралдар арқылы мемлекеттер белгілі бір идеяларды немесе процесстерді қолдауға келісім береді, бірақ аталмыш нормаларды ұлттық заңнамаға енгізуге міндетті емес деген мағынаны білдіреді. Мұндай құралдар әдетте декларациялар, резолюциялар немесе нұсқаулықтар деген атаулармен белгілі. Бұл құжаттар міндетті емес болған жағдайда да, маңыздылығы бойынша кем түспейді, сондықтан да мемлекеттер бұл құжаттарды құрметтеу үшін белгілі бір моральдық міндеттемені мойындарына алады. Әдетте «жұмсақ» заңнама міндетті болып табылатын қорытынды халықаралық келісімшартты қабылдауға бағытталған алғашқы қадам болып есептеледі. Бұдан бұрын айтылғандай, Бала құқықтары туралы конвенцияның алдында екі декларация қабылданған болатын [5].

а. БҰҰ жүйесі

БҰҰ жарғысы арнайы балалар мәселелерін шешуге бағытталмаған, дегенмен құрамында дискриминацияның кез-келген түріне жол бермеу, адам құқықтарын қорғау және де халықаралық экономикалық ынтымақтастықты жетілдіру туралы нақты бекітілген ұстанымы бар. 1948 жылы қабылданған Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы одан кейін қабылданған басқа да көптеген конвенциялардың негізін қалаған алғашқы құқық қорғау құралы болып табылады. Міндетті емес болғанымен, аталмыш конвенция мемлекеттердің саяси іс-әрекеті мен қызметіне, халықаралық заңнаманың дамуына айтарлықтай әсерін тигізгені белгілі. Құжат мазмұнында, сондай-ақ, адам құқықтарының негізгі стандарттарын анықтайтын «адам құқықтарының тізімі» де берілген. Бұл Декларациядағы кейбір ережелер балаларды қорғауға бағытталған. Бұл құжатта екі түрлі құқық балаларға қатысты нақты анықталып, белгіленген – ана құқығы және арнайы күтімге, білім алуға деген бала құқығы [6].

б. Адам құқықтары туралы келісімшарттар

1965 жылы мемлекеттер БҰҰ бастамасымен адам құқықтары туралы алғашқы келісімшартты қабылдады, бұл – Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция. 1966 жылы адам құқықтары туралы

маңызды екі келісімшарттар қабылданды. Аталмыш қабылданған келісімшарттар барлық құқықтардың толық ауқымын қамтыған болатын: Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті. Екі құжатта да балаларға қатысты ережелер берілген. Азаматтық және саяси құқықтары туралы халықаралық пактідегі құқықтар БҚК берілген ережелердің жасап шығарылуы үшін үлгі ретінде қолданылды. Құжатта берілген бала құқықтарының ішіндегі аса маңыздысы – заңды бұзған кәмелетке толмаған балалар құқығы және де осындай балаларға қатысты құқықтар болып табылады. Оған қоса басқа да бірқатар маңызды мәселелер қарастырылған, атап айтсақ кемсітушілікке жол бермеу туралы құқықтар, ата-аналар ажырасқан жағдайдағы балалар құқықтары, баланың өз есіміне деген құқығы, туылғанын тіркеуге және азаматтық алуға құқығы. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде балаларға қатысты екі түрлі ереже бар: біріншісі отбасын қорғау болса, екіншісі кемсітушіліктің қандай да бір түріне жол бермей, балаларға жәрдемдесу туралы болып табылады. Оған қоса, баланың ақыл-есінің және де физикалық жағынан денсаулығының ең жоғарғы деңгейіне жету мүмкіндігіне ие болу құқығы бар. Білім алуға қатысты ережелер барлық жас шамасындағы топтарға бірдей бағытталған, бұл ретте ережелер көбінесе балаларға қатысты. Кейінгі уақытта жалпыға ортақ сипат танытатын адам құқықтары жөніндегі құрал болып табылатын пактінің екеуі де БҚК авторларын айтарлықтай шабыттандырғаны белгілі. Адам құқықтары жөніндегі одан кейінгі уақытта қабылданған барлық келісімшарттар, тек Азаптауларға және басқа да қатыгез адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияны қоспағанда, балаларға қатысты да қолданылады және де мазмұнына балалар туралы арнайы ережелер енгізілген: (1979 ж.) Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы БҰҰ конвенциясы, (1984 ж.) Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция, (1990 ж.) Барлық еңбекші мигранттардың және олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция, (2006 ж.) Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция [7].

в. Басқа да халықаралық келісімшарттар

Бала құқықтары саласында көптеген халықаралық келісімшарттардың бар екені белгілі. Олардың ішіндегі кейбірі әмбебап халықаралық келісімшарттар ретінде тәуелсіз құжаттар болып табылады, атап айтсақ, халықаралық қылмыстық соттың Римдік статуты (1998 ж.) немесе ресми түрде жаяу әскерге қойылатын миналарды қолдануға, қорға жинауға, өндіруге және де беруге тыйым салу және оларды жою туралы Келісімшарт деген атымен белгілі Оттавалық келісімшарт (1997 ж.). Халықаралық ұйымдар бұдан басқа да құжаттарды қабылдаған [8].

Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) 1919 жылы ұйымдастырылғанынан бастап 187 конвенция қабылдады. ХЕҰ бала құқықтарын қорғау бойынша заңнамалық қызметі балалардың еңбекке салу мақстында пайдаланылуынан қорғауға бағытталғаны белгілі. Бұл реттегі аса маңызды келісімшарттар мыналар болып табылады: «Жұмысқа қабылдау үшін минималды жас шамасы туралы» 138 Конвенция (1973 ж.) және «Бала еңбегінің ең нашар түрлері туралы» 182 Конвенция (1999 ж.).

ЮНЕСКО білім саласындағы дискриминацияға қарсы конвенцияны қабылдады, бұл конвенция негізінен адам құқығы ретінде жалпы білім алуға деген құқықты қорғауға бағытталған және мұндағы бас пайда балалар үлесіне тиеді. ЮНИСЕФ, ДДҰ (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) және БЖКБ (Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссариат басқармасы) сияқты басқа да ұйымдар конвенцияны қабылдаған жоқ, оның орнына баланың спецификалық қажеттіліктеріне қатысты біршама ережелерді шығарды. Бұл ұйымдардың қызметі нормативтік мәселелерден гөрі, құқық қорғау саласына көп шоғырланған, дегенмен бұл бала құқықтары саласындағы халықаралық заңнамадағы олардың маңыздылығын кемітпейді. Қазіргі уақытта ЮНИСЕФ қызметі адамгершілікті қорғауға және сақтауға ғана емес, сонымен қатар құқықты да қорғауға негізделген, бұл бала құқықтары саласындағы халықаралық заңнамаға негізделетінін және оның әлемдік деңгейде мойындалатынын білдіреді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қабылдаған трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын қосымша адамдар саудасына, әсіресе әйел және бала саудасына тосқауыл қою және де оның алдын алу туралы хаттама (2000 ж.) – «Палермо хаттамасы» бала құқықтары саласындағы аса маңызды

халықаралық келісімшарт болып табылады. Құжаттағы пайдалану және саудаға берілген нақты анықтамалар қарым-қатынастың ең нашар түрлерін қоса алғанда, балаларға қатыгез қарым-қатынасқа қарсы күреске бағытталған халықаралық қоғамдастықтың қызметіне аса зор ықпалын тигізді [9].

Халықаралық жеке құқық бойынша Гаага конвенциясы 1983 жылы ұйымдастырылған үкіметаралық ұйым болып табылады. 20 ғасырдың басынан бастап ұйым балалар мәселесіне қатысты бірнеше халықаралық келісімшарттарды қабылдады. Балалар мәселесін қозғайтын конвенциялар да жетерліктей, олардың ішіндегі ең маңыздысы мыналар болып табылады: 1971 ж. 1 ақпанда қабылданған Азаматтық және сауда істері бойынша шет елдік сот шешімдерін орындау және мойындау туралы конвенция, 1958 ж. 15 сәуірде қабылданған Балалар пайдасына орай төленетін алименттер туралы шешімдерді мойындау және орындау туралы конвенция 1996 ж. 19 қазанда қабылданған Ата-аналар жауапкершілігіне қатысты заң құзыреті, қолданылатын құқық, құқықты мойындау және орындау, балаларды қорғау бойынша қолданылатын шаралар туралы конвенция, 1980 ж. 25 қазанда қабылданған Балаларды ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенция, 1993 ж. 29 мамырда қабылданған Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенция [10].

г. Аймақтық ұйымдар

Аймақтық ұйымдар бала құқықтары жөніндегі халықаралық заңнамаға айтарлықтай үлесін қосты. 1950 ж. Еуропа кеңесі Адам құқықтары мен еркіндігін қорғау жөніндегі Еуропалық конвенцияны қабылдады. Оның ережелерінде адам құқықтарының жалпы стандарттары, әсіресе Еуропадағы бала құқықтары туралы стандарттар көрініс табады. Оған қоса, Еуропалық конвенцияда сипатталған Еуропалық соттың атқаратын қызметі бүткіл континент бойынша адам және бала құқықтарын қорғау үшін қажетті ең тиімді құрылым жүйесіне негізделген. Еуропа кеңесі сонымен қатар, сотта және де әкімшілік органдарда баланың процессуалдық құқықтарын мойындай отырып, бала құқықтарын қолдану жөніндегі Еуропалық конвенцияны және бала құқықтары бойынша тағы басқа да маңызды конвенцияларды қабылдады. Бала құқықтары жөніндегі ең толыққанды аймақтық құжат Африкалық одақ бастамасымен қабылданған болатын, бұл құжат

- 1990 жылы қабылданған Африкалық бала құқықтары және жақсы өмір сүруі хартиясы. Аталмыш хартия ережелері африкалық мәдениет пен салт-дәстүрді көрсететін жеке дара ерекшеліктерді қоспағанда, БҚК ережелерімен ұқсас болып келеді. Америкада адам құқықтары бойынша маңызды құжат бұл – 1969 жылы Америкалық мемлекеттер ұйымының бастамасымен қабылданған Адам құқықтары жөніндегі Америкалық конвенция. Аталмыш құжаттың кейбір ережелерінде бала құқықтарына жеке тоқталып өткен, дегенмен негізінде жалпы адам құқықтарына негізделген құжат болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Лансдаун Герисон: Развитие потенциала ребенка // Исследовательский центр ЮНИСЕФ Инноченти, 2013г.
2. Дворкин, Рональд: О правах детей: Уинстон Мортон // Философия прав человека, издательская фирма «Уодсворт», Белмонт, 1988 г. - С. 97.
3. Фриман Майкл «Мораль культурного плюрализма» // Международные ведомости по правам ребенка 3, 2010г. - С.7
4. Дэвид Арчард: Дети, права и детство // 2 издание, Рутледж, США и Канада, 2014 г., стр. 70-84.
5. Сантус Пэйс, Марта Проблемы осуществления Конвенции о правах ребенка, в работе: Церматтен, Дж., Коннорс, Дж. и Панайотитис // Институт международного юридического права и Федеральный Департамент иностранных Дел Швейцарии, 2013 г. - С. 103.
6. Пинхеро, Пауло Серджио: Всемирный отчет о Насилии над детьми, Организация Объединенных Наций, Исследование Генерального секретаря по вопросам насилия в отношении детей, 2006 г. Вы можете ознакомиться с документом или загрузить его с веб-сайта: <http://www.violencestudy.org>
7. Европейский Комитет «Отображение характеристик детей в возрасте до трех лет в учреждениях Европы и риск причинения вреда» // Университет Бирмингема, Бирмингем, Великобритания, 2005г. С. 5.
8. Сборник материалов по мониторингу детских учреждений в Казахстане// Учебное пособие. Под ред. Дук Я., Вукович-Сахович Н., Гусаков Ю. А. Астана, 2013 г. - С. 132.
9. Вукович Сахович, Невена: Sada znam – zato mogu, Priručnik za voditelje radionica iz oblasti prava deteta // Центр по правам ребенка, Белград, 2014, С. 37-69.
10. Лаура М. Перди Аргументы против предоставления равных прав для детей.



В статье рассмотрены правовые основы закрепления прав и свобод человека и прав ребенка, правовые документы, а также отдельные аспекты защиты прав детей. Автор признает что в настоящее время понятие о правах ребенка больше не является таким сухим, непонятным и пугающим. В течение нескольких десятков лет повсеместно говорилось об охране детей. Это явилось результатом того, что законы, стратегии и положения рассматривали детей как слабых, незрелых и недееспособных созданий на пути к взрослению. На этом этапе ребенку требуется защита и помощь взрослых, и общество должно принимать решения, исходя из понятий солидарности, сострадания и здравого смысла.

Ключевые слова: Конвенция, государство, права человека, права ребенка, детство, теории, протокол, Конституция, родители, Организация Объединенных Наций.

For decades, it was quite normal and acceptable to speak of protection of children. That was a result of state's laws, policies and attitudes, which perceived the child as a weak, immature and incapable human being on a path to adulthood. On such path, the child needs adult protection and guidance and society is supposed to feel and act upon solidarity, compassion and reason. In the meantime, while all around the World adults slowly gained recognition of their human rights, children lagged behind, having been left in a vast pot of "human beings"

Keywords: Convention, human rights, rights of the child, childhood.

Малика Мейрамбекқызы Тастанова,
«ҚазГЗУ» университеті халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

Маңызды халықаралық құжаттарда берілген бала құқықтары

Тастанова Малика Мейрамбековна,
старший преподаватель кафедры международного права Университета «КазГЮУ», магистр юридических наук

Права ребенка в значимых международных актах

Tastanova Malika Meirambekovna.

senior teacher of department of International law University of KAZGYU, Master of Law,

Rights of the child in the most important international instruments

